

**Жумагулова Айша Алгабековнаның «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақтілді медиакеңістіктің лингвоэкологиясы: теориялық-әдістемелік негіздері» диссертациялық жұмысының**

## **АҢДАТПАСЫ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Лингвоэкологияның негізгі нысаны ретінде тіл мен ортаның өзара әрекеті қарастырылады. Сыртқы орта адам, социум арқылы тілге әсер етсе, тіл адам психосферасының орталық компоненті ретінде жалпы социумға және индивидке, белгілі бір кезеңдегі қоғамның өнегелік және руханилық деңгейіне ықпал етеді.

Сондықтан қазақ лингвоэкологиясының бүгінгі көкейкесті мәселесі медиакеңістік пен адамның арақатынасынан басталады. Бұл қарым-қатынас қауіпсіз болу үшін қоғам мүшелеріне медианы тұтыну мәдениеті мен лингвоэкологиялық білімді игеру қажет. Себебі адам үшін тілдік орта қауіпсіз болуы шарт. Қауіпсіз тілдік орта – агрессивті биоэнергетикамен, тұрпайы сөздермен ластанбаған, таза, тіл мен сөйлеудің қызмет етуі мен табиғи дамуына, тілдік тұлғаның қалыптасуы мен үнемі жетілуіне оңтайлы лингвосфера. Қауіпсіз тілдік ортаны саналы тілдік тұлғалар қалыптастырады. Бұл ретте медиакеңістік тілінің лингвоэкологиялық жай-күйін зерттеп, оның қауіпсіз болуы үшін тілдік тұлғалардың лингвоэкологиялық білімге негізделген эмотивтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың әдістемесін жасаудың қажеттілігі зерттеудің *өзектілігін* айқындайды.

**Зерттеудің мақсаты.** Үдемелі жылдамдықпен дамып келе жатқан бүгінгі қазақтілді медиакеңістікті лингвосфераның маңызды бөлігі ретінде лингвоэкологиялық тұрғыдан кешенді талдау арқылы негізгі лингвоэкологиялық мәселелерді анықтау және сол мәселелерді шешу мақсатында білім алушылардың эмотивтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін ұсыну.

**Зерттеудің нысаны.** Қазіргі қоғам мүшелерінің басты тілдік ортасы саналатын қазақтілді медиакеңістіктегі тілге және сол тілде сөйлеушілерге ықпал ететін лингвоэкологиялық құбылыстар.

**Зерттеудің пәні.** Қазақтілді медиакеңістіктің лингвоэкологиялық жай-күйі мен оның экологиялығын қамтамасыз ететін лингвоэкологиялық білім.

### **Зерттеудің міндеттері:**

- лингвоэкология саласындағы қазіргі зерттеулерді саралап, олардың жетістігі мен даму бағыттарын сипаттау;
- қазақ лингвоэкологиясының пәндік теориясын негіздеу;
- қоғамның белсенді тілдік ортасына айналған медиакеңістік ұғымына зерттеу аясында анықтама беріп, оның лингвосферада алатын орнын белгілеу;
- медиакеңістікті оның бүгінгі негізгі элементтері – онлайн БАҚ пен әлеуметтік желілер материалдары негізінде лингвоэкологиялық өлшем деңгейінде талдау және талдаудың негізгі модельдерін белгілеу;

– эмотивтік құзыреттіліктің маңызын, мазмұнын, құрылымын анықтау, эмоционалдық интеллекттен аражігін ажырату;

– эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесін ұсыну.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында *талдау, сипаттау, салыстыру, сұрыптау, жинақтау, қорытындылау* (теориялық материалдарды өңдеуде); *лингвоэкологиялық мониторинг* (жаңалықтар бөліміндегі ақпараттық тепе-теңдікті анықтауда); *мазмұндық талдау* (бағдарламалар, жаңалықтар мәтіндерін зерттеп, негатив пен тілдік агрессияны анықтауға мүмкіндік беретін бірліктерді талдауда); *интен-талдау* (пікір көшбасшыларының жазбалары мен комментарийлердің мазмұндарын зерттеу үдерісінде), *статистикалық талдау* (дүкен атауларының сандық мәліметтерін талдау барысында); *сауалнама жүргізу, тестілеу, бақылау, бағалау, тәжірибе жүргізу, сандық және сапалық талдау, диагностикалық әдістер* (эксперимент жүргізуде) қолданылды.

#### **Ғылыми жаңашылдығы:**

– лингвоэкологияның эколлингвистикадан, тіл мәдениетінен аражігі ажыратылып, ғылыми пәндік негіздемесі бекітілді;

– қазақтілді медиакеңістікке лингвоэкологиялық кешенді талдау жасалып, алғаш рет телеарналарға лингвоэкологиялық мониторинг жүргізілді;

– қазақтілді медиакеңістіктің негізгі лингвоэкологиялық мәселелері анықталды. Олар «тіл↔адам», «адам↔адам», «тіл↔тіл» модельдері аясында талданды;

– лингвоэкологиялық білім берудің, соның ішінде білім алушылардың эмотивтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы айқындалды;

– «эмотивтік құзыреттілік» ұғымы ұсынылып, оның құрылымы мен мазмұны сипатталды;

– эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың 3 кезеңді қамтитын технологиясы жасалып, тиімділігі тәжірибеден өткізілді.

#### **Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі.**

1-нәтиже – жаңа, себебі лингвоэкологияның эколлингвистикадан, тіл мәдениетінен аражігі ажыратылып, пәндік негіздемесі бекітілді. Ұзақ жылдық даму тарихында жинақталған теориялық әрі практикалық материалдар, әр тарапты теориялық-әдістемелік ізденістер, әртүрлі қайшылықты көзқарастар сараланып, күрделі даму жолынан өткен лингвоэкологияның гуманитарлық және лингвистикалық пәндер арасындағы мәртебесі ғылыми тұрғыдан негізделді.

2-нәтиже – жаңа, себебі медиа жаңа кеңістіктік көзқараста зерттеліп, телеарналарға алғаш рет лингвоэкологиялық мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері медиакеңістік материалдарының қанды оқиғалар, зорлық-зомбылық, адамның физиологиялық қажеттіліктері (тамақ, физиологиялық ауытқу, тән қалауы), негативті сезімдері (қорқу, жек көру, т.б.) туралы айтылатын жағымсыз хабарларға толы екендігін айғақтайды.

3-нәтиже – жаңа, себебі медиакеңістіктегі лингвоэкологиялық мәселелер «тіл↔адам», «адам↔адам», «тіл↔тіл» модельдерінің аясында талданып,

коммуникативтік, мәтіндік, ақпараттық орта секілді күрделі құбылыстардың экологиялық сипатын бекіту және медиатехнологиялардың индивидтің психикасы мен санасына, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үдерістерге тигізер ықпалы анықталды.

4-нәтиже – жаңа, себебі медиакеңістіктегі негативті зарядталған сөздер қазіргі адамның ақпараттық ортасында, өмірінің ақпараттық-тілдік кеңістігінде агрессивті мәтіндер құрап, адамдардың тілдік санасын тарылтып, әлемнің негативті тілдік бейнесін қалыптастырып жатыр. Тілдік кеңістік пен оның артында тұрған тілдік тұлғаның санасына кері ықпал ететін тілдік сананы манипуляциялау, адам ағзасындағы психофизиологиялық өзгерістерге әкелу, нағыз шындықты бұрмалау, эмоционалды «күйреуге» әкелетін негативті хабарлардың экспансиясы секілді түрлі тілдік тетіктер тіл мен адамның экологиясын бұзатын ауытқулар ретінде зерттеліп, лингвоэкологиялық білім берудің, соның ішінде эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы дәйектелді.

5-нәтиже – жаңа, себебі лингвоэкологиялық тұрғыдан эмотивтік құзыреттіліктің мазмұны тұжырымдалды. Эмотивтік құзыреттілік – эмоцияларды, олардың қызметтерін, өз тілінің (және басқа тілдердің) эмотивті қорын, номинация құралдарын білу, қарым-қатынас үдерісінде серіктесінің әлемдік тілдік бейнесін ескере отырып, өзінің эмоционалды жай-күйін білдіру және сипаттау, коммуникацияда эмоционалды теңдікті ұстау, шиеленісті ушықтырмау, тілдік агрессияны жұмсарту, эмоционалды төзімділікті сақтау, қақтығыс жағдайынан шыға алу, негативті ақпараттың эмотивтік реңкін бәсеңдету білімдерінің, дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығы.

6-нәтиже – жаңа, себебі эмотивтік құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудың 3 кезеңдік авторлық технологиясы ұсынылды. Оқытудың бірінші кезеңі эмоционалды концепттің лексикалық және фразеологиялық қорын ұсынуға бағытталған. Бұл эмотивті лексикалық және фразеологиялық бірліктердің білім алушылардың сөйлеуінде семантикалану, қолданысқа түсу тәсілдерінің жиынтығын жүзеге асырады. Оқытудың екінші кезеңі – жаттығулар – студенттердің жадында эмоционалды концепттің лексикалық және фразеологиялық қорын бекітуге бағытталған. Сонымен қатар бұл кезең студенттерге эмоционалды концепттің лексика-фразеологиялық бірліктерінің эмотивті коммуникациядағы қызметін ұғындыруды қамтамасыз етеді. Оқытудың үшінші кезеңі – қолдану – эмоционалды концепттің лексикалық және фразеологиялық қорын эмотивті коммуникацияның әртүрлі жағдаяттарында, соның ішінде серіктеске эмоционалды сөйлеу әсерін тигізу мақсатында қолдануға бағытталған.

#### **Келесі нәтижелер қорғауға шығарылды:**

1. Лингвоэкология мен эколингвистика – өзіндік жеке зерттеу нысаны мен міндеттері бар, әртүрлі ғылым салаларына (лингвоэкология экология саласына, эколингвистика лингвистика саласына) жататын пән атаулары.

2. Лингвоэкология пәні адамға бағытталады, сол арқылы әлеуметтік және мәдени нормалармен немесе ол нормалардың сөйлеу қызметіндегі бұзылуымен жанасады. Сондықтан оның міндеті – бүлінген тілдік

компоненттер мен құбылыстарды сақтау, оңалту, тірілту мақсатымен тілдің қазіргі кеңістік жағдайын диагностикалау. Тілдік тұлғаны сол тілде сөйлеуші және сөйлеу мен коммуникативтік қызметтерді жасаушы ретінде зерттеу, оның күшін оң биоэнергетикалық өріс пен гуманистік, инвайронментальді ойлау образын қалыптастыруға бағыттау.

3. Медиакеңістік – техногендік өркениет пен ақпараттық жаһандану жағдайында ақпараттың қозғалысы мен коммуникациялық байланыстардың шекарасы жойылған, аудиторияның әлемді қабылдауының идеологиялық, эмоционалдық, тіпті түпсаналық танымын қалыптастыратын, ақпараттар мен мәдени кодтар жасалатын, таратылатын және эстетикаланатын басты сандық экожүйе.

4. Медиакеңістіктегі негативтілік мәтіндердің негативті тінінің тығыздығын ұлғайтады. Бұл өз кезегінде ішкі жайсыздықты, күйзелісті, мазасыздық пен алаңдаушылықты күшейтеді. Физикалық және психологиялық бұзылуларға алып келу арқылы адам денсаулығына кері ықпал етеді. Үнемі қайталанған жағдайда бұл әрекеттер жеке, қоғамдық агрессияны ұлғайтуға әсер етіп, оң құндылықтық бағдарлардың жоғалуына алып келеді.

5. Эмотивтік құзыреттілік – бұл адамның эмоцияларды түсінуі мен олардың қызметін, сипатын, атауларын, тілдік бірліктердің эмоционалды семантикасын, тілдік таңбалардың эмотивті валенттілігін білуі, сөйлеу әрекеті үдерісінде дамитын және әлеуметтік қарым-қатынас тиімділігін қамтамасыз ететін эмоционалды білімдерінің, дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығы.

**Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы.** Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары жоғары оқу орындарында «Лингвоэкология», «Тіл мәдениеті», «Сөз мәдениеті», «Прагмалингвистика», «БАҚ тілі» сияқты ғылыми курстар мен арнаулы семинарларды жүргізуге, осы бағыттағы ғылыми зерттеулерге белгілі дәрежеде бағыт-бағдар береді;

- қазақ лингвоэкологиясының пәндік негіздемесін белгілеуге, ұғымдық-терминологиялық кеңістігін жүйелеуге, лингвоэкологияның эмотивтік, коммуникативтік, этикалық, педагогикалық бағыттарын дамытуға үлес қосады;

- оқу-әдістемелік құралдарын жазу барысында, болашақ тіл мамандарының кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда теориялық әрі қолданбалы міндеттерді шешіп, педагогика, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымдары теорияларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

**Ізденушінің қосқан жеке үлесі** зерттеудің барлық кезеңдерін, атап айтқанда, алғашқы эмпирикалық мәліметтерді алу, оларды талдау және жалпылау, лингвоэкологиялық талдау мен лингвоэкологиялық мониторинг жүргізу, диссертацияның негізгі теориялық ережелерін анықтау және эмотивтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін әзірлеу, әзірленген технологияны эксперименттік тәжірибеден өткізу, эксперименттік мәліметтерді өңдеу мен сараптау, зерттеу тақырыбының нәтижелері бойынша жарияланымдар дайындау мен басқа да формадағы апробация жұмыстарын өз бетінше ұйымдастыру мен жүзеге асырудан көрінеді.

**Диссертация нәтижелерінің апробациядан өтуі.** Диссертацияның тұжырымдары мен нәтижелері 13 басылымда оның ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (ҚР БҒМ ККСОН) ұсынған журналдарда, 9 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарық көрген. Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі теориялық және практикалық нәтижелері Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқылаудан өтті.

**Диссертацияның құрылымы және көлемі.** Диссертациялық жұмыс 163 беттен тұрады. Жұмыс кіріспеден, 3 тараудан тұратын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.